Баспасөз хабарламасы
Астана қ., 17 қараша 2026 жыл

Батуми мұнай терминалы арқылы мұнай жүктерін ауыстырып тиеу көлемі 2026 жылдың 10 айында 2,5% өсті

2026 жылғы қаңтар-қазан айларында «ҚазТрансОйл» АҚ шетелдегі активі – «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ (БМТ) арқылы 1 млн 572 мың тонна мұнай жүгі ауыстырып тиелді. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 38,5 мың тоннаға немесе 2,5% артық.

БМТ өндірістік көрсеткіштерінің оң динамикасына шикі мұнай мен авиациялық керосинді ауыстырып тиеудің қайта жандануы, сондай-ақ бензинді ауыстырып тиеу көлемінің артуы ықпал етті.

Атап айтқанда, 2026 жылдың 10 айында терминал арқылы 262,7 мың тонна қазақстандық мұнай ауыстырып тиелді. Ал 2025 жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш нөлге тең болған.

Бензинді ауыстырып тиеу көлемі 316,5 мың тоннаны құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 75,4 мың тоннаға немесе 31,3%-ға көп.

Авиациялық керосин сегментінде де оң динамика байқалды. Есепті кезеңде оны ауыстырып тиеу көлемі 53,5 мың тоннаны құрады. Бұл 2025 жылдың 10 айындағы көрсеткіштен 50,7 мың тоннаға немесе 19 еседен астамға жоғары.

БМТ 2026 жылдың басынан бергі жұмыс нәтижелері ауыстырып тиелетін жүк түрлерінің номенклатурасын кеңейту, операциялық тиімділікті арттыру және Қазақстан мен Грузияның халықаралық тасымалдар нарығындағы позицияларын нығайту арқылы халықаралық жүк ағындарын қамтамасыз етуде және екі ел арасындағы көлік-логистикалық байланыстарды дамытуда терминалдың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ – «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 100 пайыз еншілес ұйымы. БМТ арқылы компанияның Грузиядағы өндірістік активтеріне тікелей иелік ету және оларды басқару жүзеге асырылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ
баспасөз қызметі